

Қызмет бабындағы іссапар шығындарының нормасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 15 тамыз N 906. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.09.22. N 1428 қаулысымен. ~P001428

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қызметкердің қызмет бабындағы іссапарда болған әр күні үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі белгілеген есептік көрсеткіштің 50 проценті мөлшерінде тәуліктік төлем белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.08.09.

N 987 қаулысымен. P960987_

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірлестіктері, кәсіпорындары мен ұйымдары қызметкерлерінің қызмет бабындағы іссапарлары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 қазандағы N 892 P990892_ қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж. N 41, 607-бап/ 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына қызмет бабындағы іссапарларға жіберілген бірінші басшылар мен олардың орынбасарларынан басқа қызметкерлерге қымбат тұрғын жайды /" Жоғарғы-А" разрядты мейманханалардың жоғарғы санаттағы номерлерін, " Люкс"номерлерін/ жалдауына байланысты шығыстарды өтеуге тыйым салынсын.

"

"қымбат тұрғын жайды жайлау шығыстарын ерекше жағдайларда бірінші басшының жазбаша рұқсатымен өтеуге болады."

3. "Қызмет бабындағы іссапар шығындары туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 423 P940423_ қаулысының 1-тармағының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулы 1994 жылдың 1 тамызынан бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

